

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1414

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат) :

1) 16-баптың 2 тармағындағы "Үкіметі" деген сөз "заң актілері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) жеке нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдардың өзге де талаптарын бұзу жағдайлары туралы аумақтық әділет органдарына хабарлайды.";

3) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жеке нотариустардың осы Заңның 16-бабының талаптарын сақтауын бақылауды ұйымдастырады және өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін

міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаратын және жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдардың өзге де талаптарын бұзатын жеке нотариустарға шаралар қабылдайды;"

2. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат):

8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аудиторлардың (аудиторлық ұйымдардың) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдардың өзге де талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органға хабарлайды;"

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті